

Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 24 қыркүйектегі N 950 . Күшін жойды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.12.14. N 1917 қаулысымен. ~P991917

Қазақстан Республикасының стратегиялық мүдделерін қорғау мақсатында және Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі отырысының 1998 жылғы 19 мамырдағы N 2 Хаттамасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы ережені Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

2. Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының жұмыс органы болып Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленсін.

3. "Қазақстан Республикасында экспорттық бақылау жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 наурыздағы N 338 P950338_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 10, 118-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

- 1) 2-8-тармақтардың күші жойылған деп танылсын;
- 2) аталған қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

4 . М ы н а л а р д ы ң :

1) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031 P961031_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 36-тармағының;

2) "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 маусымдағы N 997

қаулысымен
(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 28, 249-құжат)
бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағының күші жойылған
деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 24 қыркүйектегі
N 950 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі
мемлекеттік комиссиясының құрамы

Жандосов Ораз - Қазақстан Республикасы
Әлиұлы Премьер-Министрінің бірінші
орынбасары, комиссияның төрағасы
Әбітаев Есберген - Қазақстан Республикасының
Әбітайұлы Энергетика, индустрия және сауда
вице-министрі, комиссия
төрағасының орынбасары

Комиссияның мүшелері:

Әмірін Ғұсман - Қазақстан Республикасының
Кәрімұлы Стратегиялық жоспарлау және
реформалар жөніндегі агенттігі
Бюджеттік жоспарлау департаментінің
директоры (келісім бойынша)
Байғарин Бекболат - Қазақстан Республикасының
Әбдіғаниұлы Қорғаныс министрлігі Қорғаныс
өнеркәсібі жөніндегі комитетінің
төрағасы
Баяділов Ерғали - Қазақстан Республикасының
Мұхамеджанұлы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығының
сектор меңгерушісі (келісім бойынша)
Елубаев Бауыржан - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Ысқақұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының

орынбасары (келісім бойынша)

- Ертілесова Жаннат - Қазақстан Республикасының Қаржы
Жұрғалиқызы бірінші вице-министрі
- Жантикин Тимур - Қазақстан Республикасының Ғылым
Мүфтахұлы министрлігі - Ғылым академиясы
Атом энергия жөніндегі агенттігінің
бас директоры
- Ыдырысов Ерлан - Қазақстан Республикасының Сыртқы
Әбілфайызұлы істер вице-министрі
- Қажыбаев Амангельді - Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрінің экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары
- Қамбақов Тілеубек - Қазақстан Республикасы Энергетика,
Уабұлы индустрия және сауда министрлігінің
Экспорттық бақылау және лицензиялау
департаменті директорының
орынбасары, Комиссияның хатшысы
- Қасымов Ғани - Қазақстан Республикасының Қаржы
Есенгелдіұлы министрлігі Кеден комитетінің
төрағасы
- Кораблев Валерий - Қазақстан Республикасының
Анатольевич Премьер-Министрі Кеңесінің Сыртқы
экономикалық байланыстар және
хаттама бөлімі меңгерушісінің
орынбасары - сыртқы экономикалық
байланыстар секторының меңгерушісі
- Смағұлов Нұрлан - Қазақстан Республикасы
Рахманбергенұлы Премьер-Министрінің Кеңесі
қорғаныс және құқық тәртібі
секторының меңгерушісі
- Төлебаев Алмас - Қазақстан Республикасының Ғылым
Қажкенұлы министрлігі - Ғылым академиясы
Мемлекеттік ғылыми-техникалық
бағдарламалар және оларды
ресурстық қамтамасыз ету
департаментінің директоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК